

**«Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебі» КММ-ның жанынан құрылған
қамқоршылық кеңес отырысының**

№ 3 ХАТТАМАСЫ

Өткен күні: 10.04.2024

Өткен орыны: Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Байтоғас ауылы, «Ғ.Мүсірепов атындағы орта мектебі» КММ

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. 2-квартыл бойынша тегін ыстық тамақпен қамтылатын балалардың тізіміне өзгерістер енгізу туралы

Р.Асаубаев

2. «QH Жаздық жолдама-2024» бойынша 4 жолдама табыс ету

А.Қызырханова

Тыңдалды:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қызырханова:

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Наурыз мерекесі аясында өткен «Қайырымдылық» күніне орай, балалардың жазғы демалысын қамтамасыз ету мақсатында «QH Жаздық жолдама-2024» қайырымдылық жобасын ұсынып отыр. Жолдамаға мектебімізден 5-8 сынып оқушылары арасында дарынды 4 оқушыға жолдама беріліп отыр. Жетістіктерін ескере отырып ұсынылған оқушылар үздіктер мен оқу екпінілері төмендегі оқушылар:

Үзіктер: Жеңісхан Айбану, Серікқызы Іңкәр, Архатқызы Дина.

Оқу екпінділері: Аймұханбетова Аида, Бейсембекова Перизат, Тұрдыбекова Айзере, Архатқызы Кәусар, Бекболатова Айнұр, Жұмағазы Әмір, Ахметжан Еркенұр, Қадір Әбілмансұр, Төлеуханов Ертуған, Төлегенова Аянат, Шакерова Айсұлу. Сонымен қатар облыстық және аудандық сайыстардан, ғылыми жобалардан орындар алып, қоғамдық шараларға белсене қатысқан оқушылар тізімі ұсынылып отыр.

Әлеуметтік педагог Р.Асаубаев:

2 квартал бойынша тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізіміне атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан 6 бала, әлеуметтік жағдайы төмен әкімшіліктің зерттеу актісімен 12 бала қамтылды. Бастауыш сынып оқушыларын қосқанда жалпы -51 бала тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр.

Жарыс сөздер

Омаров Серік:

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша хабарламаларға көңілім толды. Тегін Ыстық тамақ тізіміне қосылған балаларға қарсылығым жоқ. Тізімдегі дарынды оқушыларға да қарсы емеспін. Ұсынылып отырған оқушыларды облыстық және аудандық сайыстардан және ғылыми жобалардан орын алып келген, мектебіміздің атын шығарып жүрген оқушыларды ұсынсақ өте дұрыс болады.

Е.Абжекенов:

Балалардың демалуына өте жақсы жағдай жасалынып отыр екен. Бұл мектеп оқушыларының жетістіктерін бағалаулары деп түсінемін. Облыстан нәтиже көрсеткен Ахметжан Еркенұрды ұсынамын. Сонымен қатар 19 мектептің арасында үздік өнерімен көзге түсіп, бірінші орынды алып отыр екен. Оқушылардың жазғы демалысқа баруларына еш қарсылығым жоқ.

И.Садыханова:

Бұл лагерге қаражаттың барлығы төленген болғаны көңіл толтырады. Осындай лагерлерге барып, демалып келген оқушының ынтасы одан ары артады деп санаймын. Ал басқа балалар алдағы уақытта осы балаларға еліктеп сабақтарын реттеп, қоғамдық жұмыстарға, іс-шараларға белсене қатысатын болады деп санаймын. Мен осы лагерге Бекболатова Айнұрды ұсынамын. Ауданнан бірінші орын алып, облыста бағын сынап келді. Және спорттық сайыстан. Осындай қыздарымызға қолдау көрсетсек батыр қыздарымыз көбейеді.

Т.Токтағұлов

Жалпы балалардың осындай демалыстарға барып, ел көріп, жер көріп келгендері дұрыс деп санаймын. Осы жерде Архатқызы Динаның жетістіктері көріп қуанып отырмын. Өзі не бары 5-сынып оқиды. Мектепте үздік оқушыларымыздың бірі екен. Мен осы баланы ұсынамын.

М.Тастанбеков

Сіздердің сөздеріңізге толықтай қосыламын. Өте дұрыс айтасыздар. Төртінші оқушыға Жеңісхан Айбануды ұсынамын. Қашықтықтан өткен байқаулардан бөлек, ғылыми жобамен айналысып жүр екен. Жас зерттеушімізді жіберейік. Өзі оқу үздігі екен.

Шешім

1. Хабарламашылар Қызырханова және Асаубаевтың жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Жаздық лагерге төмендегі оқушылар ұсынылсын:

Ахметжан Еркенұр

Бекболатова Айнұр

Архатқызы Дина

Жеңісхан Айбану

3. Күн тәртібіндегі мәселелерге бақылау басшылық жасау А.Қызырханова мен Р.Асаубаевқа міндеттелсін.

Шешімге қарсы, қалыс қалғандар жоқ. Осы шешім бір ауыздан мақұлдансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Хатшысы

Кеңес мүшелері



М.Тастанбеков



Г.Ерғалиева



Г.Токтагулова



Н.Тусупова



Б.Алекеева



А.Рахимова



И.Садыханова



С.Омаров



Е.Абжекенова



Т.Токтағұлов

Шешіммен келісемін: Аманжол А. Ахметов